

Әбділәшімұлы Д.¹, Әбішқызы Р.²,

Орталық Ұлттар университетінің ¹доценті, тарих. ғ. д., ²1-курс магистранты,
Қытай, Пекин қ., e-mail: airu331@sina.com; 1843338467@qq.com

**ЕСКІ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ТІЛІНІҢ
ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ХАҚЫНДА**

Мақалада алдымен VIII-XIX ғасырлардағы қазақша ресми іс қағаздар тіліндегі төл сөздер мен кірме сөздерден нақты дәйектер алынып, тарихи салыстырмалы тіл ғылымы мен тарихи деректанудың теориялық білімдеріне сай, ескі қазақ жазба тілінің лексикалық ерекшеліктеріне алғашқы адымда ғылыми талдау жасалады. Мұнда төл сөздер жиыны 9 кіші тараушаға жіктеліп, лексикалық қабатына қарай ыждағаттықпен талданса, кірме сөздер жиыны 6 кіші тараушадан құралып, келу қайнарына қарай жан-жақтылы зерттеледі. Сондай-ақ, олардың қазақ тілі даму тарихын жүйелеудегі негіздік рөлі мен қазақ тілі лексикалық қорын ғылыми жолмен сараптап, індете зерттеудегі маңызы баса дәріптеледі.

Түйін сөздер: қазақша құжаттар, ескі қазақ жазба тілінің лексикалық ерекшеліктері, ғылыми талдау.

Abdilashimuly D.¹, Abishqyzy R.²,

¹Doctor of Historical Sciences, A/Professor, ²graduate student of Minzu University of China,
China, Beijing, e-mail: airu331@sina.com; 1843338467@qq.com

Research on the characteristics of ancient kazakh vocabulary

This article takes examples of the fixed and loan words in the kazakh documents from the 18th to 19th centuries, and based on the research theories of historical comparative linguistics and historical philology, preliminary analyzes the characteristics of ancient kazakh vocabulary. For example, the fixed words of ancient kazakh vocabulary are divided into nine, and the loan words are divided into six subsections for detailed study. At the same time, it also emphasizes they leading role in the systematic study of kazakh language development history and the importance of kazakh lexical science research.

Key words: kazakh documents, characteristics of ancient kazakh vocabulary, scientific analysis.

Абдилашимұлы Д.¹, Абишқызы Р.²,

¹Д. ист. н., доцент, ²магистрант 1 курса Центрального университета малых наций,
Китай, г. Пекин, e-mail: airu331@sina.com; 1843338467@qq.com

Языковые особенности древнего казахского письменного языка

В статье рассматриваются точные корневые слова и заимствования из официальной казахской документации VIII-XIX веков, в ходе чего, в первую очередь, был проведен исторически-сравнительный анализ лексических особенностей древнего казахского языка на основе теоретической базы исторического документоведения. Все корневые слова были распределены на 9 подгрупп лексическим слоям, также было определено происхождение

заимствованных слов, которые позже были распределены на 6 маленьких подгрупп. В статье также определяется роль данных слов в ходе исторического развития казахского языка и использован научный подход систематизации лексики казахского языка.

Ключевые слова: казахская докуметация, языковые особенности древнего казахского письменного языка, научный анализ.

Кіріспе

Лексика – белгілі бір тілдегі сөздердің жалпы жиынтығы. Ол – тілдің мәйегі, тіл мәдениеті мен тарихының жауһары, өткеннің куәсі. Тіл сан ғасырлық даму барысында өзіне тән лексикалық қорын қалыптастырып, сол арқылы халықтың тұрмыс-тіршілігін, салт-санасы мен қоғамдық жағдайын қаз-қалпында өрнектеп бүгінге жеткізеді. Осы барыста кейбір сөздер қолданыстан қалса, ал, кейбір атау-терминдер жаңадан туындайды. Сондай-ақ өзге тілден сөз қабылдап, қатарын молайтады.

Таяу жылдардан бері, халқымыздың ауыз әдебиеті немесе жыраулар жырынан өзге, әр дәуірде хатқа түскен түрлі жазба материалдарына үзбей ізденістер жасалып, бірсыпыра ғылыми табыстар қолға келді. Алайда, ескі қазақ жазба тіліне тән мұндай дереккөздер көбінесе тарихи деректану тұрғысынан зерттелді де, лингвистикалық, әсіресе оның лексикалық ерекшеліктеріне қатысты ізденістердің аяқ алысы тым баяу болды. Шынтуайтқа келгенде, бұл дәуірлердегі сөздік қор – қазақ халқының тарих-мәдениеті мен өмір-тіршілігінің бүгінге жеткен алтын қазынасы, жарқын бейнесі. Олар қай жағынан болмасын ескі қазақ жазба тілінің лексикалық қалпын шынайы бейнелейді. Тіпті, ондағы сөздердің қалай хатқа түскендігін де көзбен көре аламыз. Сондықтан, мақаламызда жоғарыдағыдай өзекті тақырыпты ойға арқау ете отырып, ескі қазақ жазба тілінің лексикалық ерекшеліктеріне, жүйеден ондағы төл сөздер мен кірме сөздердің жай-күйіне арнаулы тоқталып, оқырмандармен ой бөліспекпіз. Мақалада келтірілген мысалдар түгелдей «Ескі қазақ жазба тілі» (2015), «Қытай бірінші тарихи

мұрағатында сақталған қазақша құжаттар» (2016) атты еңбектерден алынды.

Эксперимент

1. Ескі қазақ жазба тіліндегі төл сөздер

Мәлімбір халықтың тұрмыс-тіршілігі қым-қуыт, күрделі болған сайын, олардың тіліндегі лексикалық қабат солғұрлым қалындайды. Сондықтан лексика көненің көзін көбірек сақтаумен қатар, жаңалықтың да бетін қақпай үнемі өзгеріске ұшырап отырады. Дегенмен, сөздік қор лексиканың басқа мазмұндарынан өзінің жалпыға ортақтығы, тұрақтылығы және туындылық сипаты арқылы ерекшеленеді. Мұндай ерекшеліктер ескі қазақ жазба тілінен де байқалады. Мысалы, XVIII-XIX ғасырлардағы жазбаша дереккөздерден бүгінгі лексикалық қорымызға негіз болатын төл сөздерді үнемі кездестіреміз. Ескі қазақ жазба тілінде сақталған мұндай құндылықтың сырын ашып, бүгінге қызмет еттіру біздің бұдан кейінгі маңдай алды міндеттеріміздің бірі болмақ. Өміршеңдік қуаты бар, қолданылу жиілігі жоғары, жалпы халыққа бірдей түсінікті болған мұндай төл сөздерімізді қоғамдық қарым-қатынас, әкімшілік, әскери қару-жарақ, табиғат құбылыстары, туыстық атаулар, жер-су атаулары және күнделікті тұрмыс-тіршілік т. б. жақтарындағы ерекшеліктеріне қарай жүйелеуге болады. Олардың ауызша емес, хатқа түскен қалпында бүгінге жеткенін ескерсек, ескі қазақ жазба тілінің лексикалық қорын індете зерттеудің уақыт күттірмейтін маңызды ғылыми жұмыс екенін аңғарамыз.

(1) Қоғамдық қарым-қатынас және әкімшілік басқару салаларына қатысты атаулар

XVIII-XIX ғасырлардағы қазақша жазба деректердің дені көрші аймақтарға жіберілген хат-қағаздардан құрам табатындықтан, халық өмірінің қыры мен сырын толық қамти алмайды. Сондықтан, мұндай жазбаларда әлеуметтік қарым-қатынасқа немесе жеке адамның қоғамдық ортадағы лауазымына, орнына байланысты қолданылатын сөздер, сондай-ақ, ел біліктілері-

не, сауда-сатыққа байланысты атаулар көптеп ұшырайды да, қарапайым халық арасындағы басқа да кәсіп иелеріне қатысты атау-терминдер кездесе бермейді. Ресми іс қағаздардың кімдер жағынан жазылып, қайда жіберілгендігіне байланысты онда қамтылған лексикалық қорда өзіндік ерекшелік менмұндалайды.

Мысалы:

№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір	№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір
1	باشچی	baščī	басшы	12	يولداش	yoldaš	жолдас
2	صاقي	šaqqī	сақшы	13	توقان	tuwqan	туған
3	ساتوچى	satuwčī	сатушы	14	توتقوچى	tutqučī	ұстаушы
4	قوشچى	qoščī	қосшы	15	اودامان	awdamān	атаман
5	بهادر	bahādur	баһадүр	16	طرحان	tarhān	тархан
6	باى	bay	бай	17	تورا	törä	төре
7	ايلچى	elčī	елші	18	اقلاقچى	aqalaqčī	ақалақшы
8	خان	hān	хан	19	قوغونچى	quwğunčī	қуғыншы
9	يورت	yurt	жұрт	20	باشلوق	bašluq	бастық
10	اق سوياك	aq süyäk	ақсүйек	21	قاشقون	qačqun	қашқын
11	بى	biy	би	22	قول خوتان	qul-hutan	құл-құтан

Жоғарыда мысалға алынған сөздердің бір бөлімі қазіргі тілде күнделікті қолданыста болмағанымен, XX ғасырдың бас шеніне дейін, қоғамдық ортада лауазым иелерін білдіріп, жиі пайдаланылған әрі қазір де ұмыт бола қоймаған сөздердің қатарына жатады. Дегенмен XVIII ғасырдың 30 жылдарынан кейін молая бастаған қазақша ресми іс қағаздардың тілінен мұндай сөздердің жаппай қолданысқа түскенін аңғара аламыз.

(2) Жаугершілік, әскери қару-жараққа қатысты атаулар

Қазақша жазба деректердің лексикалық қорынан қарағанда, XVIII-XIX ғасырлардағы жаугершілік және әскери қару-жараққа қатысты атау-терминдердің қолданылу аясы тым тар емес. Дегенмен онда қару асынып жауға шапқан батырлар жөніндегі обыразды сөздер, сауыт-сайман атаулары т. б. бәрі бірдей жолыға бермейді. Яғни, сол тұстағы хатқа түскен қазақша жаугершілік, әскери атаулар ауызша таралған немесе жыраулар жырындағы лексикалық шоғырмен салыстырғанда жан-жақты, толық бола қойюы екіталай. Мысалы:

№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір	№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір
1	اق اويلى	aq üyli	аманат	10	بارمطا	barimta	барымта
2	قراقچى	qaraqčī	қарақшы	11	چيريك	čerik	шерік
3	طالان	talān	талан	12	اوغ	og	оқ
4	حوسون	hosun	қосын	13	قيلچ	qīlč	қылыш
5	يضاؤول	yasāwul	жасауыл	14	نيز	nayza	найза
6	اولجا	olja	олжа	15	جاؤ	jaw	жау

7	ملطق	mılŋıq	мылтық	16	المان	alman	алман-салық
8	قاراۋل	qarāwul	қарауыл	17	طوب	tūb	зеңбірек
9	چاپ	čap-	шап-	18	تيمور كيشان	temür kišan	темір кісен

Жоғарыдағы мысалдардан «ақ үйлі», «тұп» сияқты қазіргі әдеби тілімізде сирек ұшырайтын шінара бейтаныс атауларды кезіктіреміз. «Ақ үйлі» ескі қазақ жазба тілінде сиректе болса кездесіп қалады, «аманат», «кепіл» деген ұғымдардың баламасы. Яғни, жаугершілік замандарда хан, сұлтан мен манаптар өз ұрпақтарын қарсы жаққа аманатқа беру арқылы тыныштыққа, бейбітшілікке қол жеткізіп отырған. «Тұп» – көнеден қалған атау, от қарудың аты, қазіргі тілімізде қолданылуы кемде-кем. Сондай-ақ, қазіргі әдеби тіліміздегі «алман-салық» сөзінің «алман», «талан-тараж» қос сөзінің «талан» сыңарлары сол тұста жарыса жұмсалғандығын аңғарамыз.

(3) Табиғат құбылыстары мен астрономияға қатысты атаулар

Көшпелі мал шаруашылығын негізгі тұрмыс тәсілі еткен халқымыздың тарихи өмірінде табиғат құбылыстарының алатын орны айырықша. Халқымыз бағзы заманнан табиғат құбылыстарына сүйене отырып тіршілік көзін ашып, өмір кешудің сан алуан жолдарын қарастырған. Мезгілдің алмасу құбылысын, ауарайын, аспан денелерін бақылай жүріп, көшпелі дала мәдениетін қалыптастырған. Мұндай бағалы байлық түгелдей тілдік қабатта сақталып, түпкі болмысын жоғалтпай бүгінге жетіп отыр. XVIII-XIX ғасырлардағы ескі қазақ жазба тілінің лексикалық қорынан мұндай белгілерді табу қиын емес. Мысалы:

№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір	№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір
1	موز	muz	мұз	10	قىش	qış	қыс
2	بوران	boran	боран	11	طاش	taş	тас
3	تون	tün	түн	12	قم	qum	құм
4	ير	yer	жер	13	توبه	töbe	төбе
5	اي	ay	ай	14	طاۋ	taşaw	тау
6	كوز	küz	күз	15	ياز	yaz	жаз
7	يل	yil	жыл	16	كون	kün	күн
8	چواق	čuwaq	шуақ	17	پسیر یلی	sıyır yili	сыиыр жылы
9	صۋ	şuw	су	18	قوی یلی	qoy yili	қой жылы

Жоғарыдағы мысалдардан көргеніміздей, мұндағы сөздер табиғат құбылыстары мен астрономияға қатысты байырғы сөздеріміздің бір бөлім жазба деректердегі хатталған нұсқасы ғана.

(4) Заттың сынын, сапалық қасиеттерін білдіретін атаулар

Әдетте, тілдің бейнелеу қуатын арттырып, ойды образды жеткізуде сын, сапалық сөздердің атқаратын рөлі айырықша. Мұндай тіл бейнелеу әдісі ескі қазақ жазба тілінде де үнемі кездеседі.

Әсіресе патшаға немесе жергілікті әкімшілікке жолданған қазақша ресми іс қағаздар тілінде қарсы жақтың еңбегін қадырлеп, беделін көтеру үшін сын-сапалық сөздерден ұтымды пайдаланған. Олар кейде ұйқасып, тұрақты сөз тіркесіне айналып та жұмсалады. Мысалы, «жердің жүзін, күннің көзін...», «жарлымыз бай болған, жалғызымыз көп болған...», «ханның айдай бетін, күндей көзін көргелі...» т. б. Ал, жеке сөздердің жұмсалыуы – үнемілік жағдай. Оған мысал:

№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір	№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір
1	أولوغ	uluğ	ұлық	11	ألکان	ülkän	үлкен
2	تزوچلیک	tüzüwçilik	тыныштық	12	ایزگو	izgü	ізгі
3	پای سالدی	paysaldı	баянды	13	توبان	tuban	төмен
4	يورغه	yorğa	жорға	14	اۋرۇ	awruw	ауру
5	یراق	yıraq	жырақ	15	تیز	tez	тез
6	قاری	qarï	кәрі	16	یوقاری	yoqarï	жоғары
7	چالغای	çalğay	шалғай	17	بوز	boz	боз
8	اروق	oruq	арық	18	یاۋوز	yawuz	жауыз
9	كچیک	kičik	кіші	19	كوب	köp	көп
10	یخشی	yağşı	жақсы	20	یمان	yaman	жаман

Жоғарыдағы мысалдардан түйгеніміздей, ішінара орфографиялық ерекшеліктерді есепке алмағанда, мұндай сөздер түгелдей халықтық тілге жақын, ұғынықты, оның үстіне жиі жұмсалады.

(5) Шаруашылық, тұрмыстық бұйымдарға қатысты атаулар

Әр кезең, әр дәуірдегі әдеби тілдің лексикалық қорында халық шаруашылығы мен күнделікті тұтыну бұйымдарына қатысты атау-терминдердің мол болатындығы табиғи құбылыс. Ескі қазақ жазба тіліндегі құжаттардан осы ерекшеліктерді айқын көре аламыз. Мысалы:

№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір	№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір
1	كورونچ	kurunč	күріш	11	اوط	oŭ	шөп
2	اون	un	ұн	12	اپلتیری	eltiri	елтірі
3	الاجاع	alaçağ	алашақ	13	چیب	jib	жіп
4	قایق	qayıq	қайық	14	يازو	yazuw	хат
5	انچی	enči	енші	15	ارقان	arqan	арқан
6	طامغا	tamğa	таңба	16	بورک	börk	бөрік
7	کیوم	kiyüm	киім	17	كاعز	kāğaz	қағаз
8	تورغون	torğun	торғын	18	سۆكله	sawkälä	сәукеле
9	بخمال	baħmal	мақпал	19	صوم	šom	сом (ақша)
10	چفان	čafän	шапан	20	چکمان	čekman	шекпен

Жоғарыдағы берілген мысалдардан көргеніміздей, барлығы да күнделікті тұрмыста, шаруашылықта кем болса болмайтын керекті бұйымдардың атауы. Мұндай төл сөздер бүгінгі тілімізде де өнімді жұмсалады.

(6) Туыстық қатынасқа байланысты атаулар

Отбасы – неке, қандастық қатынас негізінде барлыққа келген қоғамдық тұрмыстық бірлік әрі адамзат қоғамының қалыптасып дамуының негізі. Сондықтан, оған қатысты туындаған

атау-терминдердің тарихы тым арыдан бастау алады. Мұндай барысты қазақтың жазба тілі үшін де айтуға болады. Мысалы, XVIII-XIX ғасырлардағы ескі қазақ жазба тілінде осындай төл туыстық атауларымыз аз емес. Әрине, бұл атаулардың сонау ертеден халқымыздың сөз қоржынына түсіп, қаймағы бұзылмай қолданыста келе жатқан негізгі сөздер екенін дәріптей кеткен жөн.

Мысалы:

№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір	№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір
1	بابا	baba	баба	9	قاريا	qarıya	қария
2	انگا	ingä	жеңге	10	يگيت	yigit	жігіт
3	بالا	bala	бала	11	اغول	oğul	ұл
4	قايين	qayın	қайын	12	قارت	qart	қарт
5	آعا	ağa	аға	13	آنا	ana	ана
6	انو	inü	іні	14	كيلين	kelin	келін
7	قز	qız	қыз	15	آطا	ata	ата
8	اقصاقل	aqsaqal	ақсақал	16	قرداش	qardaş	туған

Жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай, ескі жазба деректерде кездесетін мұндай төл туыстық атаулар бүгін де өз сынын бұзбай, халықтық тілде жиі қолданылууда. Ішінара сөздердің орфографиялық ерекшеліктерін қоспағанда, түсінуге ешқандай қиындық тудырмайды. Осындағы «قارداش» сөзі қазіргі қазақ тіліндегі беретін мағынасынан гөрі «бір құрсақтан тараған немесе жақын туысқан адам, аға-іні» ұғымын білдіреді. Жазба тілімізде кейде «قیز» (qız qarandaş) болып хатталуының өзі осыны дәлелдесе керек. Бұдан аталмыш сөздің әдеби тіліміздегі лексикалық

мағынасының уақыт өте келе тарайғандығын аңғаруға болады.

(7) Адамның дене мүшелеріне қатысты атаулар

Адам дене мүшелеріне қатысты атау-терминдер сөздік қорымызда ежелден бар. Мұны ауызекі халықтық тілдің лексикасынан анық байқауға болады. Ал, олардың хатқа түсіп, бүгінге жетуі ескі қазақ жазба тілінің қолданылу аясын жан-жақты сараптауда тиесілі дерек-көздермен қамдап отыр. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақша ресми іс қағаздардан мұндай атау-терминдерді түрлі жиілікте кездестіре аламыз. Мысалы:

№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір	№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір
1	كوز	köz	көз	9	بت	bet	бет
2	ساج	saç	шаш	10	يوز	yüz	жүз
3	قول	qol	қол	11	بعر	bağır	бауыр
4	چراي	çiray	шырай	12	ياش	yaş	жас
5	سويك	süyäk	сүйек	13	اياغ	ayağ	аяқ
6	تل	til	тіл	14	صاقل	şaqal	сақал
7	باش	baş	бас	15	مويون	moyun	мойын
8	بل	bel	бел	16	فوت	fut	пұт

Жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай, кейбір сөздердің орфографиялық ерекшеліктері болмаса, түгелдей лексикалық қорымызға тән төл сөздер болып табылады.

(8) Жан-жануар, аң-құстарға қатысты атаулар

Ежелден мал шаруашылығын кәсіп көзі етіп, дала төсінде өмір кешкен халқымыз жөнінен алғанда, төрт түлік мал, аң-құсқа қатысты лексикалық қордың болмауы мүмкін емес. Ауыз әдебиетін былай қойғанда, жазбаша дереккөздерде де жан-жануарларға қатысты атау-тер-

миндердің молынан хатталғанын байқауға қазақша ресми іс қағаздардан аталмыш болады. Мысалы, XVIII-XIX ғасырлардағы атау-терминдерді жиі ұшыратамыз. Мысалы:

№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір	№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір
1	يىلقى	yılqı	жылқы	11	سىير	sıyır	сиыр
2	اوگوز	ögüz	өгіз	12	تولكى	tülki	түлкі
3	بوتا	bota	бота	13	قوندوز	qunduz	құндыз
4	بوزاۋ	buzaw	бұзау	14	مال	māl	мал
5	قولون	qulun	құлын	15	قويان	qoyan	қоян
6	قوزو	qozu	қозы	16	قارصاق	qarşaq	қарсақ
7	تويه	tüye	түйе	17	بيہ	biye	бие
8	كيبك	kiyik	киік	18	يلان	yılan	жылан
9	قوی	qoy	қой	19	سجقان	sičqan	тышқан
10	اٹ	aṭ	ат	20	بۇرۇق	borşiq	борсық

Жоғарыдағы мысалдарда кездесетін төрт түлікке немесе түз тағысына қатысты атаулардың төл сөз есебінде ескі жазба тілімізден көрініс табуы табиғи құбылыс, әрине. Осындағы «құндыз», «борсық» атауларын ескі жазбаларда кездесетін «Құндызды», «Кіші борсық» деген жер аттарына сәйкес межелеп отырмыз.

(9) Жер-су, ел-жұрт атаулары

Қазақты құраған ру-тайпалар мен олар мекендеген өңірлерге қатысты туындаған атау-терминдердің аз еместігін халықтық сөздік қордан

анық байқай аламыз. Алайда ескі қазақ жазба тіліндегі материалдардың тапшылығынан олардың қағаз жүзіндегі бет-бейнесін көзбен көріп, оқып білу ісі едәуір кешеуілдеді. Жақынғы жылдардан бері табылған қазақша жазба дереккөздерден байқағанымыздай, бұл түрдегі атау-терминдердің хатқа түсу салыстырмасы айтарлықтай жоғары. Әсіресе, XVIII-XIX ғасырларда хатталған қазақша ресми іс қағаздардан мұндай сөздердің қатарын табу оңай. Мысалы:

№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір	№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір
1	ايله	İlä	Іле	11	سر دريا	Şir daryā	Сыр дария
2	جيك كيز	Čingiz	Шыңғыс	12	ايدول	Edül	Еділ
3	ايه كوز	Ayaköz	Аякөз	13	ارتيش	Ertiš	Ертіс
4	قوبدو	Qobdo	Қобда	14	تاشكند	Taşkend	Ташкент
5	قراتال	Qaratal	Қаратал	15	دولان قرا	Dolanqara	Доланқара
6	خاتون پسو	Ḥatünsuw	Қағынсу	16	كيراي	Kerey	Керей
7	ااقسو	Aqsuw	Ақсу	17	اواق	Uwaq	Уақ
8	نايمان	Nayman	Найман	18	تورت اغول	Törtuğul	Дөртуғыл
9	پىبان	Sıban	Сыбан	19	باى يكت	Bayyigit	Байжігіт
10	مورون	Murun	Мұрын	20	قىزاي	Qızay	Қызай

Бұдан сырт, жазба деректерден тағы «Кіші борсық», «Орал», «Тұманды су», «Үйшік»,

«Жайық», «Жем суы», «Орынбор», «Хиуа», «Бұхара», «Нарын құм», «Шәуешек», «Мерген

қарауылы», «Базар қаласы», «Тұз төбе», «Қарабұқа-Базар», «Қызылжар қаласы», «Қашқар» сияқты жер-су аттарын кезіктіре аламыз. Бұл қалалардың керуен жолы бойында орналасқандығын ескерсек, ежелгі жібек жолы басып өтетін аймақтарда әлеуметтік мәдени ауыс-күйістің үздіксіз жалғасып отырғандығын білуге болады. Сондай-ақ, Ресейдің қазақ даласына сұғынып кіруіне байланысты салынған жаңа «қала», «бекініс» т. б. атаулар бір жағынан, тіліміздегі топонимдердің қатарын молайтса, енді бір жағынан сол тұстағы өңірлік саяси жағдайдан хабар табуымызға өзіндік септігін тигізеді. Ескере кететін бір жәйт, бұл жазбаларда қазақты құраған бір бөлім ру-тайпалармен қоса, Қарақалпақ, Башқұрт, Татар, Қырғыз, Орыс қатарлы көрші елдердің де аттары ресми түрде хатталған.

2. Ескі қазақ жазба тіліндегі кірме сөздер

Өзге тілдерден сөз қабылдау – ұлттық тілдегі лексикалық қорды байытудың маңызды бір тәсілі. Енді бір жағынан, ұлттар ара экономикалық, мәдени қарым-қатынастың баянды дамығандығының нәтижесі. Әдетте сөз

қабылдау бір ғана тілмен шектелмейді, сондықтан дүниеде пәк тіл де болмақ емес. Яғни ұлттар ара түрлі қарым-қатынас қалыптасады екен, онда олардың тілдік қабатында да белгілі деңгейде ауыс-күйіс жүріліп, сөз ауысу құбылысы барлыққа келеді. Мұндай жағдай тек ауызекі тілде ғана емес, жазба тілде де жүзеге асады. Оған дәлел XVIII-XIX ғасырлардағы қазақша ресми іс қағаздар тіліндегі кірме сөздердің молдығы. Міне бұл сол тұстағы қазақ ру-тайпаларының көрші халықтармен тығыз барыс-келіс жасасып, етене байланыс орнатқандығының айғағы. Ескі қазақ жазба тіліндегі кірме сөздерді үлкен жақтан төмендегідей бірнеше мазмұндарға бөліп талдау жасауға болады.

(1) Араб тілінен қабылданған сөздер

Ауызекі сөйлеу тіліміз бен жазба тілімізде араб тілінен ауысқан сөздер қай кезеңде болса да едәуір орын алып келді әрі сөздік қорымызды байтуға үлкен ықпал жасады. Әсіресе XVIII-XIX ғасырлардағы ресми іс қағаздар тілінен мұндай кірме сөздердің қатарын жиі байқай аламыз. Мысалы:

№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір	№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір
1	سبب	sabab	себеп	16	ايتفاق	itfāq	ынтымақ
2	نيت	nīyat	ниет	17	صروف	şaruf	сарып
3	مکتوب	mektub	хат	18	قابول	qabūl	қабыл
4	اينابت	inabat	инабат	19	صادير	şāder	туылу
5	ايلتماس	eltimās	өтініш	20	كفيل	kafil	кепіл
6	مخزون	maḥzūm	қуаныш	21	امضا	imza	таңба
7	ناسل	nasl	нәсіл	22	كاتيب	kāteb	хатшы
8	مرتبه	martabe	мәртебе	23	ضابط	zābet	командыр
9	معلوم	m‘alūm	мәлім	24	ادب	adab	әдеп
10	عرض	‘arż	арыз	25	افضل	afzal	абзал
11	دره	durre	дүре	26	نسيب	nasīb	нәсіп
12	خدمت	ḥizmat	қызмет	27	طابع	ṭābi‘	қарасты
13	يتيم	yatīm	жетім	28	فرسح	farsaḥ	шақырым
14	ضرر	zarar	зиян	29	خيال	ḥiyal	қиял
15	كرة	karrat	рет	30	موفيق	muwafiq	үйлесімді

Жоғарыдағы мысалдардан ескі жазба тілдің лексикалық қорына қосылған арабша сөздердің аз еместігін аңдаймыз. Дегенмен бұлардың кейбіреуі, мысалы, «ниет», «қиял», «жетім», «себеп», «кепіл», «арыз» т. б. сөздер ертеректе қабылданып төл сөз есебінде сіңісіп кетсе, кейбіреуі, мысалы, «ілтымас» (өтініш), «муапық» (үйлесімді), «забит» (командир) т. б. сөздер сол кезеңде үнемі хатқа түскенімен, бүгінгі әдеби тіліміздің сөздік қоржынынан екшеліп қалған.

(2) Парсы тілінен қабылданған сөздер

№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір	№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір
1	سۇداگار	sawdāgar	саудагер	15	بى مازە	bīmaza	беймаза
2	مهربان	mehrbān	мейірбан	16	راص	rās	рас
3	پادشاه	pādšah	патша	17	دارگاه	dargāh	орда
4	روزگار	rūzgār	күн	18	تحت	taht	тах
5	كروان	karwan	керуен	19	مرزا	mīrzā	мырза
6	گلزار	gulzār	гүл бакша	20	گمان	gumān	күмән
7	طراج	tārāj	тараж	21	فايده	foyda	пайда
8	بى گناه	begunāh	бейкүнә	22	دوشمان	dušmān	дұшпан
9	هيچ	hīč	еш	23	فرزان	farzand	перзент
10	أميد	umīd	үміт	24	فروان	farwān	өсіру
11	بازار	bāzār	базар	25	دوروست	durust	дұрыс
12	جان	jān	жан	26	بربر	barābar	барабар
13	زندان	zīndān	зындан	27	فرمان	farmān	жарлық
14	سال	sal	сал	28	اگر	agar	егер

Жазба тілімізде бұл мысалдардан басқа көптеген парсыша сөздердің барлығын байқаймыз. Олар үнемі абстрактті ұғымға, қарапайым тұрмысқа, сауда-сатыққа және құрмет-лауазым т. б. ларға қатысты болып келеді де, көп сандысы бүгінгі әдеби тілімізде еш өзгеріссіз жұмсалуда.

Арабша-парсыша сөздердің тағы бір ерекшелігі, бір бөлім парсы тілі қосымшасы немесе сөз алды қосымшасы мен арабша сөздің (кейде парсыша да болуы мүмкін) бірігуі арқылы да жаңа сөз жасалады. Мұндай сөздердің кейбіреуі ертерек қабылданып, жазба

Тілымыздың лексикалық қорын байытуға едәуір ықпал жасаған өзге тілдердің ішінен парсы тілін қадап айтуға болады. парсы тілі үндіеуропа тілдер семьясына жатқанымен, орталық азия тіл-жазу мәдениетіне айырықша әсер еткен. Жеке сөздерді айтпағанда, тіпті кейбір қосымшалар мен сөз алды қосымшалары да бірге қабылданып, төл қосымшаларымызды байытқан. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақша жазба деректерден мұндай тілдік ерекшеліктер молынан кездеседі. Мысалы:

тіліміздің лексикалық қорынан мықтап орын алған. Мысалы: نا (парсы тілі сөз алды қосымшасы) + خوش (парсыша) = ناخوش (науқас), بى (парсы тілі сөз алды қосымшасы) + وقت (арабша) = بى وقت (бейуақыт), نا (парсы тілі сөз алды қосымшасы) + راضى (арабша) = ناراضى (наразы), خيزمت (арабша) + كار (парсы тілі қосымшасы) = خيزمت كار (қызметкер), غم (арабша) + خور (парсы тілі қосымшасы) = غمخور (қамқор) т. б. Сонымен қатар, араб-парсы тілдеріндегі абстрактті зат есімдер тікелей септік жалғауын қабылдап немесе көмекші етістіктермен қосарланып келіп жаңа сөз жасайды. Мысалы:

қабылда-, қабыл ет-, сарып ет-, нәсіп ет-, ниеттен-, ниет қыл- т. б.

(3) Орыс тілінен қабылданған сөздер

Орысша сөздер тілімізге ертерек қабылдана бастаған. Олардың қай дәуірден бастап кірме сөз ретінде тілімізге табан тірегені туралы түрлі пікірлер айтылғанымен, ең мол қабылданған тұсы, әрине, XVIII-XIX ғасырларға жатады. Яғни, бұл кезеңдер Ресей патшалығының қазақ даласының солтүстік аймақтарына сұғанақтық жасап кіріп, бекініс

пен қалалар салып орныққан кезі. Соның салдарынан орыс тілі мен мәдениеті аталмыш өңірлерге алдымен ықпал жасап, әкімшілік, лауазым-шен, заң-зәкүн т. б. Салаларға қатысты жаңа зат, ұғым атаулары орыс тілінен алына бастады. Мұндай тіл жақтағы ықпалдастық көбінесе жазба тілден көрніс тапты. Әсіресе XVIII-XIX ғасырлардағы Ресейге қарата жазылған қазақша ресми іс қағаздар тілінен бұған қатысты бірсыпыра мысалдар келтіруге болады. Мысалы:

№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір	№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір
1	روسیه	rūsīya	Ресей	10	ینارال	yenārāl	генерал
2	استارشین	astaršīn	старшин	11	پالکونیک	palkonik	полкони́к
3	کمانده	kamanda	команда	12	اوکاز	ukaz	жарлық
4	کامیسیه	kamīsīya	комиссия	13	ایمپراطور	imprātor	император
5	مایور	māyor	майор	14	میدال	medal	медаль
6	اورین بوروҳ	Orinboruḥ	Орынбор	15	حارونزا	ḥarunza	хорунжий
7	تاتیشچوف	Tatīščof	кісі аты	16	آندری	Andrey	Андрей
8	آپریل	aprel	сәуір	17	مای	may	мамыр
9	اوگوست	awgust	тамыз	18	سینتمبر	sentabr	қыркүйек

Жоғарыдағыдан сырт, бұл кезеңге тән кірме сөздердің ішінде бекініс-қала, кісі есімдері мен ай аттарының жазба тілімізде дыбыстық аудармаға сәйкес хатқа түсіп, белгілі деңгейде қолданыла бастағанын аңғара аламыз.

(4) Моңғұл тілінен қабылданған сөздер

Қазақтар мен Моңғұлдар арасындағы қарым-қатынас сонау арыдан бастау алады. Олар іргелес қоныстанған халықтар есебінде, көбінесе көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған. Осыған байланысты олардың тұр-

мыс тәсілінде ортақтық мол. Осындай объективтік себептер қазақ-моңғұл тілдерінің өзара ауыс-күйіс жасасуына мұрындық болды. Бүгінгі қазақ әдеби тілінде моңғұл тілінен ауысқан сөздердің қатары едәуір мол екендігі айтылады. Алайда жанрлық ерекшелікке байланысты ескі қазақ жазба тілінде хатқа түскендерінің саны шектеулі. Мұндай құбылыс таяу заманғы қазақша жазба деректердің тілінен анық байқалады. Мысалы:

№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір	№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір
1	بوغدا	bogda	қасиетті	7	قولاقای	qulaqay	ұры
2	ازین	ezen	ием	8	قودال	qudal	ұры
3	الباتو	albatu	албат	9	مورگو	mörgü	бас ию

4	اولاو	ulaw	ылау	10	اوتاغات	utağat	ұтағат
5	اوتاق	otaq	ұтық (ру)	11	تارباغا	Tarbağa	Тарбаға
				12	تای	tay	тай
6	بورخ	burḥ	будда	13	چوچک	Čowčak	Шәуеш
	ان	an		14	ک		ек

Жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай, моңғұл тілінен қабылданып хатқа түскен атаулардың қатары аз. Дені Чиң патшалығына жолданған хаттардан кездеседі. Бұлардың ішінде бір бөлімі халықтық тілге ауысып үнемі қолданылса, кейбіруі қазіргі тілдің сөздік қорынан табыла беруі екіталай. Мысалы, XVIII ғасырдағы жазба тілде «кұлақи-құдал» тіркесі қос сөз ретінде жұмсалып, «ұры-қары» мағынасын үстесе, «мөргү» сөзі «бас ию» мәнінде қолданылған.

(5) Қытай тілінен қабылданған сөздер

№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір	№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір
1	خان	hān	хан	6	تاجی	tayji	тәйжі
2	وانك	waŋ	уаң	7	مولون	molon	гүлді торқа
3	جنك جونك	janjuŋ	генерал	8	اولو	uluw	айдағар
4	كونك	guŋ	гүң	9	دارين	darin	ұлық
5	شاتكالا	šaŋla-	қайранда-	10	ديڭسه	diŋsä	шен маржан

Жоғарыдағы мысалдардан көріп отырғанымыздай, чиң патшалығы дәуірінде жазба тілімізге енген қытайша сөздердің көп сандысы лауазым-шен атаулары. Сонымен қатар, патша тарапынан берілетін қайран бұйымдардың атаулары да сиректе болса кездесіп қалады.

(6) Манжу тілінен қабылданған сөздер

Қазақша тарихи жазбаларда кездесетін манжуша атаулардың басым көбі чиң

Қазақ тілі мен қытай тілі арасындағы лексикалық ауыс-күйістің төркіні тым арыда жатыр. Мұндағы басты ерекшелік – көбінесе қытай тілінен сөз қабылдау. Мысалы, орхон-енисей жазбаларындағы тұтұқ (都督), сангүн (将军), бушы (布施), құнчүй (公主), лұ (龙) т. б. лар қытай тілінен кірген сөздер. Кейінгі дәуірлерде тілімізге кірген қытайша атаулардың бір бөлімі чиң патшалығы тұсындағы қазақша жазбаларда, яғни, XVIII-XIX ғасырлардағы қазақша ресми іс қағаздар тілінде кездеседі. Мысалы:

патшалығы тұсында қабылданған. Яғни, XVIII ғасырдың орталарынан кейін өнімді жұмсалатын бір бөлім мәнжуша лауазым-шен атаулары мен шінара жеке сөздер қазақ жазба тіліне ауысып қолданылған. Мұндай құбылыс XVIII-XIX ғасырлардағы қазақша ресми іс қағаздар тілінен, әсіресе қазақтар жағынан чиң патшалығына жолданған хаттардан байқалады. Мысалы:

№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір	№	Ескі қазақ жазба тілі		Қазір
1	خوب امبان	hub amban	хыб амбан	6	اليخادا	aliyħada	уәзір
2	اسقان امبان	asqan amban	асқан амбан	7	اولامجيب	ulamjip	Айтып
3	مورين جايين	mörin jayin	мөрін жайн	8	غالداى	ğalday	ғалдай
4	كوتال	kutal	қосшы	9	بورت	burt	қырғыз
5	جينكيسه	jiŋse	шен маржан	10	زاركى	zärgiy	өңір

Нәтиже мен талқы

Жоғарыдағыдай ескі қазақ жазба тілінің лексикалық ерекшеліктерін талдау арқылы алдымен ондағы төл сөздердің мазмұнға бай,

сан-салалы екендігін аңдаймыз. Олар жанырлық шектемелікке қарамастан, күнделікті тұрмыс, табиғат құбылстары, қоғамдық қарым-қатынас, әскери атаулар, шаруашылық, жан-жануарлар, адамның дене мүшелері, заттардың

сапалық қасиеті және жер-су атаулары сынды алуан түрлі тақырыпқа құрылған, өміршеңдік қуаты зор. Ал кірме сөздердің (арабша, парысша, орысша, моңғұлша, қытайша, манжуша) көбі жатсынбай, қазақ тілінің төл лексикасымен бір арнада тоғысып отырған. XVIII-XIX ғасырларда қазақ халқы өзге көрші халықтардың мәдениетін өз қажетіне қарай қабылдаумен қатар, олардан кірген сөздерді қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына сәйкес дыбыстап жазған. Мұндай құбылыс қазақ тілінің сөздік қорын молайтып қалмастан, сол тұстағы тіл-жазудың нақты жағдайынан мағұлмат береді.

Қорытынды

Жинақтап айтқанда, ескі қазақ жазба тілінің лексикалық ерекшеліктерін ғылыми жолмен сараптау әсіресе, қазақ тілі лексикасының диахрониялық және синхрониялық даму жолдарын айқындауда, қазақ тілі лексикалық қоры және оның келу қайнарын жіктеп көрсетуде, сондай-ақ қазақ тілі даму тарихын жүйелі, індетте зерттеп-зерделеуде кем болса болмайтын аса маңызды ғылыми зерттеу басқышы болмақ.

Әдебиеттер

- Әбділәшімұлы Д. Ескі қазақ жазба тілі. – Пекин: Ұлттар, 2015. – 230 б.
Әбділәшімұлы Д. Қытай бірінші тарихи мұрағатында сақталған қазақша құжаттар. – Пекин: Ұлттар, 2016. – 278 б.
Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Пекин: Ұлттар, 2016. – 501 б.
Кәкенұлы М., Гың Шымин, Орынбайқызы Ж. Қазіргі қазақ тілі. – Пекин: Ұлттар, 1999. – 368 б.

References

- Abdilashimuly D. (2015). Eski qazaq jazba tili [Old kazakh written language]. Beijing: Ulttar, 230 b. (In Kazakh)
Abdilashimuly D. (2016). Zhonggo birinshi tarihi muragatynda saqtalghan qazaqsha qujattar [Research on kazakh documents in the first historical archives of China]. Beijing: Ulttar, 278 b. (In Kazakh)
Syzyqova R. (2016). Qazaq adebi tilining tarihy [History of kazakh language]. Beijing: Ulttar, 501 b. (In Kazakh)
Kakenuly M., Geng Shimin, Orynbayqyzy J. (1999). Qazirgi qazaq tili [Modern kazakh language]. Beijing: Ulttar, 368 b. (In Kazakh)